

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Алға ауданы Ақай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 10 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Алға аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 11 қаңтарда № 3-3-194 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Ақай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 5 сәуірдегі № 7 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Ақай ауылдық округі әкімінің 05.04.2019 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10–1 бабына Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алға аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылдың 29 қарашадағы № 2-6-04/226 ұсынысына сәйкес, Ақай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малдарының арасынан құтырма ауруының анықталуына байланысты Алға ауданы, Ақай ауылдық округі "Абылай" шаруа қожалығының Қабаш-Тоғай қыстағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақай ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Алға аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді мерзімді баспа басылымында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақай ауылдық округінің әкімі*

*Ә.І. Сәрсен*